

Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының № 7 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ

Мектептегі өзін – өзі басқару ұйымының 2023-2024 оқу жылындағы есебі

Мектептегі өзін-өзі басқару – бұл әрбір оқушы өз қабілеттерін жүзеге асыра алатын оқушылардың өмірін ұйымдастырудың тәсілі болып табылады. Биылғы 2023-2024 оқу жылында мектеп Парламенті өз жұмысын 1 –ші қыркүйекте бастады. Осы күннен бастап арнайы жоспар құрылып, барлық іс – шаралар мектеп Парламентінің ұйымдастыруымен іске асырылды. Атап айтсақ, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебіміздің 1,9,11 сынып оқушылары үшін мектебіміздің спорт залында салтанатты жиын өтті. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының гимнімен басталды. Салтанатты жиынымыздың құрметті қонақтары: Атбасар ауданының әкімі А. Қалжанов және Атбасар ауданы білім бөлімінің басшысы Н.Г. Наймушина мектеп ұжымын, ата – аналарды, мектеп оқушыларын, 1 сынып бүлдіршіндерін білім күнімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді. Мектеп директоры Н.А. Алкенова ата – аналарды, 1 сынып оқушыларын атаулы мерекемен құттықтады. Мектебіміздің 2 сынып оқушылары «Білім күні» әнін орындады. Оқу ісінің меңгерушісі М.Е. Шакеева 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы бұйрығымен таныстырды. Және де 2 А сынып оқушысы Айлин бүлдіршініміз «Кел балалар оқылық» әнін орындап, көрермендерді таң қалдырды.




Оқу жылы мектеп оқушылары үшін « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, «Мектебім-мейірім мекені» атты тәрбие сағатымен басталды. Сынып жетекшілері арнайы нұсқаулыққа сәйкес арнайы презентациялар, қосымша ресурстарды пайдалана отырып, тәрбие сағаттарын жүргізді. Алғашқы қоңырауды Мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып бүлдіршіндері соқты. Ата – аналар тарапынан Сейлова Аина Болатовна бүлдіршіндерді алғашқы қадамдарымен шын жүректерінен құттықтады. Жиын соңында бүлдіршіндеріміз естелік суретке түсіп, сыныпқа бірге аяқ басты. 8 қыркүйек күні мектебіміз бойынша жалпыреспубликалық «Сергіту сәті» атты челленджі өткізілді. Мақсаты: оқушылардың физикалық

белсенділігін арттыру. Бұл жаттығуларға мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары қатысты.



13 қыркүйек күні « Қамқоршылық» фракциясының белсенділерінің қатысуымен, « Ар -ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, «Отбасы тәрбиесі- отбасы құндылықтары» атты тәрбие сағаттары өткізілді.



13 қыркүйек күні « Құқық және тәртіп» фракциясының ұйымдастыруымен «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, бірінші ауысымда оқитың 1-2, 7-11 сынып оқушыларының мектеп ережелері, жолда жүру ережелері, қоғамдық орындардағы ережелері, т.б. сақталауын тексерді. Тексеру барысында мектеп оқушыларына барлық ережелерді ескертіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізілді. 14 қыркүйек күні сағат 16:00-де облыстық вебинар өтті. Мақсаты: мектеп оқушыларының арасындағы буллинг мәселесінің алдын алу жолдары; Вебинарға мектебіміздің Президенті 10 а сынып оқушысы Бабаева Аяулым қатысты.



Қыркүйек айында 5-16 жұлдызы аралығында «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, ҚР тілдер онкүндігі өткізілді. Бұл онкүндіктің мақсаты: оқушылардың қазақ тіліне деген құрмет сезімін арттырып, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу. Апталықтың жабылу салтанаты фестиваль форматында өткізілді. Шараның басты мақсаты-өскелең ұрпаққа тағылым ретінде Қазақстан – бұртұтас ел, біртұтас халық, біртұтас болашақ екенің насихаттап, түсіндіру. Сондықтан « Мәдениет және өнер» фракциясының ең жарық жұлдыздары, жүргізушілері: Ташетов Диас және Кадырбаева Асем түрлі ұлт өкілдерін қошеметпен ортаға шықарды. 5-11 сынып оқушылары өздеріне бөлінген ұлттың тарихы, дәстүрі, тағамы туралы баяндап, өнерлерін көрсетті. Іс-шараның аяғында мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Смагулова атаулы мерекемен оқушыларды, ұстаздарды құттықтап, онкүндік аясында өтілген барлық іс – шараларға белсенді қатысқан оқушыларға, сынып жетекшілеріне алғысын білдірді.



20 қыркүйек күні «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы: 1-4, 5-6 сыныптарында «Салауатты өмір салты», «Қамқоршылық» фракциясы: 7-8 сыныптарында «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, «Айтыс», «Ақпарат» фракциясы: 9-11 сыныптарында «Мен патриотпын» атты тәрбие сағаттарының қызықты өтілуіне зор үлес қосты. Олар арнайы презентация арқылы аталмыш тақырыптарда толық ақпарат бере білді.



Оқушылар арнайы бейнероликтер әзірлеп өзара пікірлерімен бөлісті. 28 қыркүйек күні мектебімізде «Еңбек күні» мерекесі аталып өтті. Бұл мерекеге Атбасар ауданы білім бөлімінің басшысы Н.Наймушина, аудандық

кәсіподақ ұйымының төрайымы Р.Идрисова және аудан мектептері, балабақшыларының қызметкерлері қатысты. Іс –шара барысында ауданымызда адал еңбек етіп жүрген абзал жандар арнайы марапаттарға ие болды.



27 қыркүйек күні « Ар ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, 1-6 сыныптарында « Еңбек күні» ал 7- 11 сыныптарында «Буллинг деген не?» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: мектеп оқушыларының бойында еңбекқорлыққа тәрбиелеу мәдениетін қалыптастыру және құқықбұзушылықтың алдын алу, бопсалау, психологиялық, моралдық қысым көрсетудің алдын алуға арналған әңгіме өткізу.



10"А" сынып

28 қыркүйек күні сағат 12.00-де мектебімізде төтенше жағдайларға қатысты арнайы жаттығулар өтті. Ол үшін арнайы дабыл қағылып, оқушылар мектеп ғимаратынан қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Оқушыларға, ұстаздарға, мектептің кіші қызметкерлеріне төтенше жағдай кезінде өздерін қалай ұстау керектігі, өрт сөндіруші құралды пайдалану жолдары туралы толық мәлімет берілді. 29-ші қыркүйек күні « Талап» құндылығы аясында, мектебімізде «Ақ бота» қыздар клубының отырысы өтті. Бұл отырыс «Қыздарға қырық үйден тыю» тақырыбына байланысты өткізілді, қазақ қыздарының бойындағы тазалық, инабаттылық, адамгершілік, нәзіктік қасиеттері туралы әңгіме қозғалды. Отырысқа мектебіміздің 7-11 сыныптың қыздары қатысты. 10 А сыныбының оқушысы « Қыз –елдің көркі, гүл- жердің көркі» тақырыбында баяндама оқып, құрбыларымен өз ойымен бөлісті. Сонымен қатар қыздарға түрлі қызықты сұрақтар қойылды.



29 қыркүйек күні сағат 18.00 -де жалпымектептік ата – аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде: 1. Оқушыларға қойылатын бірыңғай қауіпсіздік талаптары мен ішкі ережелері. Қылмыстың және жол-көлік жарақатының алдын алу. Балалардың жеке қауіпсіздік ережелері, ақпараттық қауіпсіздік. Мектеп директоры: Н.Алкенова. Аудандық ІІ бөлімінің қызметкері: Ундыбаев Бауржан Муратович. 2. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру. Б.Смагулова –директордың тәрбие жөніндегі орынбасары. 3. Мектеп формасын сақтау туралы. Мектеп директоры: Н. Алкенова. 4. Ерте жүктіліктің алдын алу. Атбасар ауданының КАА салауатты өмір салты бөлімінің медбикесі: Беккалиева Р.А. және Сексенбай Г.-медбике. 5. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын ашу туралы. Б.Смагулова – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары. 6. Мектептегі тамақ – дұрыс тамақтану. Муканова Г.К.-әлеуметтік педагог, Сексенбай Г.-медбике. Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қарастырылып, талқыланды. Ата – аналар тарапынан сұрақтар қойылып, ұсыныстар жасалды. « Ар - ұят» құндылығын іске асыру мақсатында мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін «Адал ұрпақ» клубы жұмыс жасайды. Мақсаты: жас ұрпақты азаматтыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметпен, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға және олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу. 2-ші қазан күні 7-10 сынып оқушыларының арасында «Ар - ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, « Адалдық пен шыншылдық» атты пікірталас өтті. Оқушылар отырысқа үлкен жауапкершілікпен және шығармашылықпен қатысты.



Құқық және тәртіп фракциясының мүшелері. Қадырбаева Асем және Айтқұл Диана, 4 –ші қазан күні мектебімізде «Біз сыбайлас жемқордыққа қарсымыз» атты сынып сағаттарының өтілуіне ат салысып, сынып жетекшілеріне үлкен көмек көрсетті. Мақсаты: қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

[161123_115009_ghemorly.pdf \(aqmoedu.kz\)](https://ghemorly.pdf/aqmoedu.kz)



5 –ші қазан күні мектебімізде «Дублер күні» аталып өтті. Бұл күні мектеп Парламенті, Жас Ұлан ұйымының белсенділері және 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебіздерін жолдады. Нұсқаулыққа сәйкес «Дублер күні» кеңінен аталып өтті. 11 сынып оқушылары 1-10 сыныптарына кесте бойынша сабақ өткізіп, мұғалімдерді алмастыра білді. Күнінің аяғында мектебіміздің спорт залында Дублер күніне арналған сап түзеу өтті. Бұл жерде 11 сынып оқушылары осы күні ұйымдастырылған барлық іс – шаралар туралы қорытынды жасап, өздерінің пікірлерін ортаға салып, талқылады. 6 қазан күні мектебімізде «Мұғалімдер күні» аталып өтті. Бұл күні 11 сынып түлектері есік алдында ұстаздарды шарлармен қарсы алып, жүрекжарды құттықтау лебіздерін жолдады. Мектебіміздің салтанат залында мерекелік концерт ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары мұғалімдерге арнайы көрініс көрсетіп, таңғалдырып, әсем ән мен керемет вальс биледі. Мектебіміздің Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері мұғалімдерге арнауын жолдап, «Жүрек тілегін» табыстады. Мектебіміздің кіп – кішкентай жұлдызы Байгазин Аймаз өзінің сүйікті «Мектебім» атты әнін, сүйкімді қыздармен бірге билеп, шырқады. Ал Серикпаев Мадиді болса «Қызыл раушан» атты әнді орындап, мұғалімдерді төл мерекелерімен құттықтады. «Шәкірт тілегі» әнін мектебіміздің жаңадан құрылған «Сымбат» тобы шырқап берді. Ал «Павлиндер» биімен ортаға шыққан мектебіміздің ең дарынды бишілері

Бабаева Аяулым мен Саят Жаннұр. Мерекелік концерт « Ұстазым» әнімен аяқталды.



17 қазан күні мектебіміздің 7-10 сынып оқушылары Экология және еңбек фракциясының белсенді мүшелері «экологиялық десантқа» шықты. Мақсаты: оқушыларға экологиялық білім беру, өскелең ұрпақты туған өлкенің экологиясына құрметпен қарауға тәрбиелеу; Мектеп оқушылары сынып жетекшілер, мектеп Парламентінің мүшелері және Жас Ұлан ұйымының белсенділері бірігіп, мектеп маңайын жапырақтардан тазалап, көшеттерге күтім жасады.



17 қазан күні «Талап» құндылығы аясында, мектепішілік « Жол ережесін білесің бе?» атты фестивалін «Ақпарат » фракциясының тобы ұйымдастырды. Бұл іс - шараға мектебіміздің 5-10 сыныптарының командаларын қатыстырды.

Шарты:

1. қатысушылар саны -10 оқушы;
2. команданы таныстыру;
3. жол ережелерін насихаттау;

Фестивальге барлық сыныптардың командалары жақсы дайындалғаны байқалды. Оқушылар фестивальге белсенді қатысып, арнайы номинацияларға ие болды.



18 қазан күні « Мәдениет және өнер» фракциясының ұйымдастырумен «25 –қазан Республика күніне» арналған түрлі іс - шаралар өткізілді. Мақсаты: мектеп оқушыларының бойындағы патриоттық сезімдерін ояту, отанға, Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін, азаматтық парыздарын сезіндіру; Сынып жетекшілер құқық және тәртіп фракциясының белсенді мүшелерімен оқушылармен біріге отыра, аранайы презентация мен бейнероликтер арқылы атаулы мереке толық ақпараттармен бөлісті.



Сонымен қатар осы фракцияның мүшелері, 20 қазан күні салтанат залында « Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, Атбасар ауданының прокуроры Э.Жарылқасын аудандық ішкі істер қызметкерлері полиция майоры С.Токжуманова, полиция капитаны Б.Рахимжанов мектебіміздің 8-11 сынып оқушыларымен бірігіп кездесу өткізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасында есірткі туралы бейнеролик көрсетіп, оқушыларға зиянды әрекеттерден аулақ болуды насихаттау. Кездесу барысында оқушыларға жол ережесіне қатысты ақпараттар берілді. Сонымен қатар зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды.



20 қазан күні Аудандық мәдениет үйінде 1-ші сынып оқушыларына арналған «Тілашар» мерекесінің жоғары деңгейде өтілуіне «Мәдениет және өнер» фракциясының мүшелері белсенді қатысты. Бұл іс-шараға мектебіміздің ең белсенді оқушылары: Қасым Саяжан, Қасым Аяжан, Өзгеріс Аружан, Кайдарова Риза, Қаиржан Ильнара, Қайырбек Гүлсұлу, Санияз Аллажар, Саят Мадина, Курмангожина Дильназ, Солдатханқызы Айару,

Қабиден Жансая, Орынбасар Ақмарал керемет билерін билеп 2 а сынып оқушысы Толеубек Айлинге қолдау көрсетті. Мереке өте жоғары деңгейде өтті.

19-20 қазан күндері аралығында Сандықтау ауданының « Жас дәурен» балалар лагерінде өткен «Мен елімнің ертеңімін» атты форум қатысушы және спикер ретінде мектеп Парламентінің Президенті: Бабаева Аяулым қатысып, « Біртұтас тәрбие бағдарламасы» атты баяндамасын оқыды. Форум барысында Бабаева Аяулым мектеп Парламентінің былтырғы 2022-2023 оқу жылында атқарылған іс –шаралар туралы баяндап, алға қойылған жоспарларымен бөлісті. Форумда Парламент жұмысы және оны нығайту жайында көптеген тренингтер мен ойындар ойнатылды. Барша келген балалар тәжірибе алмасып, жаңа таныстықтар орын алды. Форумда барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды. Бабаева Аяулымға "Ақмола дарын" оқу орталығынан арнайы «Алғыс хатымен» марапатталды.

<http://sc0007.atbasar.aqmoedu.kz/content/zasedanie-shkolynogo-parlamenta>



23 –ші қазан күні мектебімізде «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, Республика күніне арналған салтанатты жиының өтілуіне « Құқық және тәртіп» фракциясының белсенділері өз үлестерін қосты. 1-11 сынып оқушылары хормен Мемлекеттік Гимнді жанды дауыста орындады. Мектеп директоры Н. Алкенова және мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Н. Жақсыбаев оқушыларды, ұстаздарды атаулы мерекемен құттықтады. Мектебіміздің Парламент мүшелері және Жас Ұландықтар өздерінің әдеби – музыкалық монтажын тарту етті, 6 сынып оқушысы Мади Серикпаев « Қазақи баламын» атты әнін шырқап берді. Ал жас бишілер тобы «Ұлытау» биін биледі. Жиын соңында күйшілер ансамбілі «Балбырауын» күйін орындап, салтанатты жиынды аяқтады.



23 қазан күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, « Мәдениет және өнер» фракциясының белсенділері, мектебімізде аудандық «Айтыс» сайысының өтілуіне ат салысты. Мақсаты: қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде айтысты жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу, талантты шығармашылық жастарды анықтау.

Қатысушы ақындар: №7 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары Уатхан Нұрәли мен Амангелді Сұңқар және № 8 жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары Азат Альбина мен Иманали Мухамеджан.

Қазылар алқасының төрағасы: Шайхин Сериік Заманович, қазылар алқасының мүшелері: № 7 жалпы орта білім беретін мектебінің зейнеткер ұстазы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Қонысбаева Атлас Қонысбаевна және музыка мектебінің оқытушысы Бекенова Сауле Сағынбайқызы. Сайыс басында қатысушыларды Атбасар газетінің тілшісі Шайхин Серик Заманович қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

Сайыстың қорытындысы бойынша I –орынды № 8 жалпы орта білім беретін мектебінің 8 сынып оқушысы Иманали Мухамеджан,

II – орынды №7 жалпы орта білім беретін мектебінің 8 сынып оқушысы Уатхан Нұрәли, III- орынды №7 жалпы орта білім беретін мектебінің 8

сынып оқушысы Амангелді Сұңқар және «Бас жүлде» № 8 жалпы орта білім беретін мектебінің 11 сынып оқушысы Азат Альбина иеленді.

Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар мен грамоталар табысталды.




« Өзін өзі тану және бақыт» фракциясының ұйымдастыруымен қазан айының 26 күні мектебіміздің салтанат залында «Күзгі бал» байқауы болып өтті. Бұл байқауға 8АӘ, 9 Ә; 10 АӘ сыныптары қатысты. Бұл байқаудың жүргізушісі мектебіміздің Президенті- Бабаева Аяулым. Байқау 2 кезеңнен тұрды: I- кезең- таныстыру, II - кезең – өз өнерлері. Әділқазы алқаларында мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі-Смагулова Б.С., әлеуметтік педагог Муканова Г.К. Сонымен әділқазы алқаларының шешімімен: 8 А сыныбының жұбы «Күзгі сағыныш », 8 Ә сыныбының жұбы « Күзгі рапсодия», 9 Ә сыныбының жұбы «Күзгі мейрам», 10 А сыныбының жұбы « Күзгі шабыт», 10 Ә сыныбының жұбы « Күзгі көңіл -күй» номинациясына ие болды. Барлық қатысушылар арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. Байқау соңында қатысушылар естелікке суретке түсті. Байқауымыз өте жоғары деңгейде өтті.



3-ші қазан күні « Дебат» қозғалысы мүшелерінің ұйымдастыруымен мектебімізде 8-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік дебат өтті. Мақсаты: дебаттық шайқастарға оқушыларды дайындау, аргументтермен фактілерді жинақтауға машықтандыру. «Ар -ұят» ұғымын қалыптастыру, намысты қолдан бермеуге жетелеу;

Дебатқа «Даттаушы» тобы, құрамында: Демисинов Алишер мен Саят Жаннұр және «Жақтаушы» тобы, құрамында: Айтқұл Диана мен Ардагерқызы Айым қатысты. Қазылар алқасының мүшелері: Ақпаленов Алмат, Қайырбек Айымгүл, Купакпаева Камила әділ бағасын берді. «Даттаушы» тобы I - орынға , «Жақтаушы» тобы II – орынға ие болды.



« Мәдениет және өнер» фракциясының белсенділерінің ұйымдастыруымен 1-ші қазан күні оқушылардың күзгі демалысын қызықты ұйымдастыру мақсатында «Ақ бота» қыздар клубының 7-10 сынып қыз балаларына арналған отырыс болып өтті. Бұл отырыста «Ар -ұят» құндылығына арналған « Қыздарға қырық үйден тыю» тақырыбында пікіралмасу орын алды. Қыздар топтарға бөлініп, постерлер жасап, қорғап, ойларымен бөлісті.

Мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі Б.Смагулова қыздарға қатысты тыйымдарға тоқталып, өздерін қоғамдық орындарда қалай ұстау керектігі туралы айтып тоқталып, қыздардың жүріс –тұрысы, қызығушылығы, талғамымен талаптарына тоқталды. Сонымен қатар, фракция белсендісі Кузембаева Ясмينا қазақи тәрбиенің алатын орны туралы толық мағлұматтар бере отыра, ортада жақсы талқылау орын алды.

« Құқық және тәртіп» фракциясының ұйымдастыруымен 8 қараша күні 1-11 сыныптарында сынып жетекшілерімен біріге отырып, « Балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Белсенділер арнайы презентация мен бейнероликтер арқылы аталмыш тақырыпты толық аша білді.



Сонымен қатар, 14-ші қараша күні осы фракция құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-11 сыныптарының ұл балаларымен арнайы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ол жерде мектеп дәлізіндегі жүру, баспалдақпен мініп – түсу, асханада өздерін ұстауы, үзілісті тиімді пайдалану туралы айтылып, ескертулер жасалды.



Ал, 15 қараша күні осы фракция тобы «Ар -ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, 7-8 сыныптарында « Балалардың құқықтарын қорғау, кәмелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» атты тақырыбына арналған кездесу өткізді. Мақсаты: зорлық – зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең құндылығы оның бостандығы, оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу. Кездесуге Атбасар ауданының соты А. Ж. Жакимова шақырылды. Ол кісі

оқушыларға аталмыш тақырып төңірегінде көптеген ақпарат беріп, статистикамен таныстырды. Оқушылар өз тараптарынан сұрақтар қойып, нақты жауап алды.



« Дебат» қозғалысы фракциясының белсенділерінің ұйымдастыруымен 20 қараша күні « Балалардың құқығын қорғау конвенциясы» атты диалогтық алаң өтті. Мақсаты: адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру, оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету, оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Мектеп Парламентінің мүшелері дайындаған арнайы презентациясының негізінде оқушыларға құқықтары туралы мектебіміздің ұланбасы Ерлан Аяулым толық мәлімет берді. 22 қараша күні «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, «Ақпарат» фракциясының белсенділері « Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130» атты дөңгелек үстел ұйымдастырып, өткізді.

Мақсаты: Үш бәйтеректің бірі Сәкен Сейфуллин жайлы мәлімет бере отырып, өмірі мен еңбектерімен таныстыру; Оқушыларды өз бетінше ізденіп, оқып-үйренуіне дағдыландыру, сөздік қорын молайту; туған жеріне деген сүйіспеншілікке, патриотизмге тәрбиелеу, қазақ елінің тарихын, мәдениетін құрметтеуге баулу. Сынып жетекшілер мен оқушылармен біріге отыра, аранайы презентация мен бейнероликтер арқылы толық ақпараттармен бөлісті.



27 –ші қараша күні « Құқық және тәртіп» фракциясының ұйымдастыруымен, «Талап» құндылығын іске асыру мақсатында, « Біз Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» атты мектепшілік сайыс өткізілді. Бұл байқауға 7-10 сынып оқушылары белсенді қатысты. Байқаудың шарттары:

1. Топтың аты.
2. Ұраны.
- 3.Эмблемасы.
4. Үгіт –насихат бағдарламасы.

Байқаудың нәтижесінде: 7 сыныптар арасында I –орын 7 Ә сынып командасы, II-орын 7 Б сынып командасы. 8 сыныптар арасында: I – орын 8 А сынып командасы, II-орын: 8 Ә сынып командасы, III - орын: 8 Б сынып командасы. 9-сыныптар арасында: I – орын 9А сынып командасы II –орын 9 Ә сынып командасы, 10 сыныптар арасында: I-орын 10 Ә сынып командасы, II -орын 10 А сынып командасы иеленіп, арнайы грамоталармен марапатталды. 30 қараша күні « Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының ұйымдастыруымен: « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында 1-4 сыныптары арасында « Асық ату, «Бес асық» ұлттық ойындарынан сайыс өтті. Мақсаты: Ұлттық ойындарды үйрету, насихаттау, дамыту.

1-ші желтоқсан күні осы фракцияның белсенділерінің басқаруымен дүниежүзілік ЖИТС- ке қарсы күрес күніне арналған акция өтті. Мақсаты: оқушыларға темекі, арақ, есірткі, СПИД-тің қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін, оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана-сезімдерін дамыта түсу. Оқушыларға XI ғасырдың дерті адам өмірі үшін қатерлі, жұқпалы екенін және одан сақтану жолдарын түсіндіру. Оқушыларды ЖИТС (жүре п.б. иммундық тапшылық синдромы) немесе ЖЖБА-дан сақтану әдістерін үйрету, төтенше жағдай кезінде дұрыс шешім қабылдай білу қабілеттілігін дамытатын қажетті білім, білік, дағды /ББД/ қалыптастыру.



20.12.- 26.12. күндері аралығында даярлық топтарында 2,4,5,6,7 сыныптарында Жаңа 2024 жылдық ертеңгіліктерінің өтілуіне байланысты « Мәдениет және өнер» фракциясының ұйымдастыруымен кеңейтілген отырыс өтті. Ол үшін арнайы жоспар және кесте жасалды. Мектебіміздің спортзалында әсем шырша маңында мектеп белсенділері көңілді әндерімен балаларды қарсы алып, Аяз Атамен Ақша Қар балаларға сыйлықтарын таратып, қызықты бағдарламаның куәсі болды. Жаңа жылдық кейіпкерлердің

рөлдерін Парламент мүшелері сомдап, оқушылармен бірге ән айтып, билеп көңіл көтеруге ат салысты.



30 қаңтар күні «Ар-ұят» құндылығын іске асыру мақсатында, мектебіміздің «Өзін –өзі тану және бақыт» фракциясының министрлері: Кабиден Анелия мен Токужинова Алина 6-сынып оқушыларымен «Достық және мен» атты доңгелек үстел өткізді. Мақсаты: «Дос» және «достық» деген ұғымдарды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру мақсатында, бір – бірін сыйлауға, қадірлеу білеуге тәрбиелеу. Оқушыларға «Достық» туралы мультфильм және бейнеролик ұсынылды. Сонымен қатар «дос» туралы викторина ұйымдастырылды. Мектеп Президенті Бабаева Аяулым арнайы тренинг өткізді.




31-ші қаңтар күні, мектебіміздің спорт залында «Биле, биле» атты мектепшілік би сайысы болып өтті. Мақсаты: оқушылардың бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, зиянды әдеттерден аулақ болуды түсіндіру, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға шақыру, қатысушылардың спорттық шеберлігін арттыру болып табылады. Бұл би сайысын мектебіміздің «Спорт және СӨС» фракциясы 7-10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырды. Сайысымыздың шарттары: топ аты, ұраны, формасы, спорттық биі 5-7 минут болуы шарт. Сайысымыздың әділқазы алқаларының құрамында: директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Смагулова Б.С, мектебіміздің Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Бугабай Ақжол және дене тәрбиесінің мұғалімі Нығмет Ержан төрелік етті. Қазылар алқасының шешімі бойынша 7-ші сыныптар арасында: 1-орын: 7А, 2-орын: 7ӘБ, 8-ші сыныптар арасында 1-орын: 8Ә, 2-орын: 8А, 3-орын: 8Б сыныбы иеленді. 9-шы сыныптар арасында 1-орын: 9А, 2-орын: 9Ә сыныптары ие болды. 10-шы сыныптар арасында 1-орын: 10А сыныбы Бас жүлдені 10 Ә сыныбы иеленді. Барлық командалар арнайы грамоталармен марапатталып, естелік суретке түсті.



Мектебіміздің « Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы дене шынықтыру апталығының аясында «Таңғы жаттығулар пайдасы» атты акция ұйымдастырып, өткізді. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты нығайту жаттығуларын күнделікті орындауға үндеу жасау; Мектебіміздің әр қабатында әр сыныптың « Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының белсенділері таңғы жаттығуларды балалармен бірге орындады. Оқушылар жаттығуларды сүйсіне орындады.

14 ақпан күні « Ақпарат» фракциясының ұйымдастыруымен 1-11 сыныптарында «Ауған соғысының аяқталуына 35 жыл» аяқталуына байланысты әртүрлі форматты іс – шаралар өткізілді. Мақсаты: Ауған оқиғасының тарихи маңызын аша отырып, соғыс ардагерлері туралы толық мәлімет беру. Тарихи деректердің маңызды екендігін ұғындыру, оқушыларды ұлтжандылыққа, Отанды сүйуге тәрбиелеу.



26 ақпан күні «Төтенше жағдай» фракциясының қатысуымен төтенше жағдайларға қатысты арнайы жаттығулар өткізілді. Ол үшін арнайы дабыл қағылып, оқушылар мектеп ғимаратынан қауіпсіз жерге эвакуацияланды. Оқушыларға, ұстаздарға, мектептің кіші қызметкерлеріне төтенше жағдай кезінде өздерін қалай ұстау керектігі, өрт сөндіруші құралды пайдалану жолдары туралы толық мәлімет берді.




«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру мақсатында мектеп Парламенті мүшелері сынып Президенттерімен кездесу өткізіп, әр сәрсенбі сайын ұлттық киіммен тәрбие сағаттарына қатысайық деген ұсыны жасады. Ол үшін әр сыныптың ата – аналары арнайы ұлттық киім мен бас киім тіккізді. Ал наурыз айы бойы мектебіміздің барлық ұжымы, оқушылар ұлттық киіммен күнделікті сабаққа қатысады деп келісілді.

7 наурыз күні мектебімізде « Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, « Төтенше жағдай» фракциясының басшылығымен, «Азаматтық қорғаныс күніне» арналған флешмоб және сурет көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Азаматтық қорғаныс туралы түсініктерін кеңейту. Азаматтық қорғаныс дегенге нелер жататындығын түсіндіру. Қауіпсіздік жағдайлары мен алдын алу шараларын ұғындыру. Елі мен жерін қорғаудың алдын алу шараларына тәрбиелеу. Алғашқы көмек қалай көрсетуді үйрету.



Төртінші наурыз күні «Мәдениет және өнер» фракциясының ең дарынды мүшелерінің ұйымдастыруымен салтанат залда « Ана саған арналады...» атты мектебіміздің аяулы аналарына арналған керемет концерттік бағдарлама ұсынды. Бағдарлама тізгінін мектебіміздің сымбатты жігіті –Жанмурзин Нұржан жүргізді. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Смагулова Б.С. алда келе жатқан 8 наурыз-халықаралық әйелдер күнімен барша аналарды, аруларды, әпкелерді, әжелерді құттықтады. Мектебіміздің талантты жарық жұлдыздары, аналарына арнап өз өнерлерін паш етті. Концерт соңында ата-аналар суретке түсіп тарқасты.



Сонымен қатар осы күні, мектебіміздің салтанат залында «Көктем аруы-2024» байқауы болып өтті. Байқауға мектебіміздің 7-8 сынып арулары қатысты. Олар: 7Б сыныбынан- Уразалинова Томирис; 8А сыныбынан – Сағымбай Рысты. 8Б сыныбынан – Қалымсеит Айым бақ сынасты. Байқауымыздың жүргізушісі мектебіміздің белсенді оқушысы- Абдуллина Айнур байқауымыздың . Әділқазы алқаларының құрамында-мектебіміздің тәрбие ісінің меңгерушісі-Смагулова Б.С., дене тәрбиесі пәні мұғалімі-Булегенов Е.С. Байқау ІІ кезеңнен тұрды. І кезең-Өзін-өзі таныстыру (3-5 минут); ІІ кезең-Өз өнері (3-5 минут); Байқау әділқазы алқаларының және көрермендердің көңілінен шығып І -орынға 7Б сынып оқушысы-Уразалинова Томирис, ІІ –орынға 8А сынып оқушысы Сағымбай Рысты және 8Б сынып оқушысы Қалымсеит Айым ие болды. Кешіміз өте жоғары деңгейде өтіп, дәстүрлі фото суретке түсіп тарқасты.



13 наурыз күні «Ақпарат» фракциясының белсенді мүшелері, «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, 1-11 сыныптарында « Жер сағаты» атты сынып сағаттарының қызықты өтілуіне ат салысты. Мақсаты:оқушылардың туған жер, туған ел жайында алған білім қалыптастырып, ой қалыптастырып, ой өрісін, зеректігін дамыту.



« Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы, 14 наурыз күні «Туберкулездің алдын алу» айлығының аясында, 1-11 сыныптарында « Туберкулездің алдын алу» іс – шараларына белсенділік танытып қатысты. Мақсаты: жұқпалы аурудың алдын алу және сақтану жолдары. Мектеп оқушылары осы тақырыпқа қатысты арнайы диктант жазды.

14 -20 наурыз күндері арасында «Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру мақсатында, «Мәдениет және өнер» фракциясы, « Көрісу күніне» арналған «Наурыз – думан» атты мерекелік Гала-концерт өткізді. Бұл іс – шараның мақсаты: ұлттық мейрамымыз Наурыз –жыл басы екендігін атап өту, ұлттық құндылықтарымызды, салт –дәстүрлеріміз, әдет – ғұрпымызды насихаттау, жас ұрпақ бойына адамгершілік, мейірімділік, кішіпейілділік, отансүйгіштік, толеранттылық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.



Жалпы 2023-2024 оқу жылында мектеп Парламентінің барлық фракциялары «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жоспарына сәйкес өз міндеттерін жоғары дәрежеде іске асыруда.

